

Шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық тасымалдарды дамыту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілде N 1065 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 453 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия экономикаларына арналған Арнаулы бағдарламасының шеңберінде Көлік және шекаралардан өту - Жобалық жұмыс тобының 3-мәжілісінің шешімдерін іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 481 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық тасымалдарды дамыту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 12 шілдедегі
N 1065 қаулысымен
бекітілген

Шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық
тасымалдарды дамыту мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық тасымалдарды дамыту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия)

халықаралық тасымалдарды дамыту және шекаралардан өтуді оңайлату саласындағы халықаралық бағдарламалар бойынша (бұдан әрі - халықаралық бағдарламалар) Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерді орындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында "Шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық тасымалдарды дамыту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 2004 қаулысына сәйкес құрылды.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа а л а д ы .

3. Комиссия шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық тасымалдарды дамыту мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссияның жұмыс тәртібі

4. Комиссияның құрамы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мүдделі ұйымдарының өкілдерінен құралады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комиссияның қызметін Комиссияның мәжілістерінде төрағалық ететін, оның жұмысын жоспарлайтын, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асыратын және Комиссия қызметінің нәтижелеріне жауапты болатын оның төрағасы басқарады.

6. Комиссияның жұмыс органының функцияларын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орындайды.

7. Комиссияның мәжілісі қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі және оған Комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі қатысса құқылы деп саналады. Комиссия мәжілістерінің бастамашысы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі болып табылады. Комиссияның шешімдері Комиссия мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Комиссия мүшелерінің дауысы тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып т а б ы л а д ы .

3. Комиссияның функциялары мен міндеттері

8. Комиссияның негізгі функциялары мен міндеттері:

1) шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық тасымалдарды

дамыту мәселелері жөніндегі іс-қимыл жоспарларын қарау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына орай шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық тасымалдарды дамыту саласындағы халықаралық шарттардың ережелерін талдау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын көрсетілген халықаралық шарттарға сәйкес келтіру үшін ұсыныстар әзірлеу;

4) халықаралық бағдарламалар шеңберінде қабылданған шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық тасымалдарды дамыту мәселелері жөніндегі шешімдер мен ұсынымдарды іске асыру туралы ұсыныстарды қарау
ж ө н е е н г і з у ;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық бағдарламалар шеңберіндегі іс-қимыл жоспарларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар енгізу болып табылады.

4. Комиссияның құқықтары

9 . К о м и с с и я :

1) халықаралық бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау жөніндегі жұмыс жоспарларын бекітуге және түзетуге қатысты, сондай-ақ халықаралық бағдарламалар шеңберінде қабылданған шешімдер мен ұсынымдарды орындау жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар
е н г і з у г е ;

2) белгіленген тәртіппен Комиссияның құрамын өзгерту туралы ұсыныстар
е н г і з у г е ;

3) мүдделі мемлекеттік органдардың мамандарын Тартумен көлік инфрақұрылымы және шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату саласында ұсыныстар әзірлеу және енгізу үшін жекелеген мәселелер бойынша жұмыс
т о п т а р ы н қ ұ р у ғ а ;

4) белгіленген тәртіппен Комиссияның құзырына қатысты мәселелер

бойынша заңды тұлғалардан қажетті ақпарат сұратуға;

5) мәжілістерде Комиссияның мүшелері мен мемлекеттік органдардың жауапты өкілдерін тыңдауға;

6) Комиссияның қарауына қатысты мәселелерді әзірлеу үшін ғылыми-зерттеу мекемелерін тартуға;

7) халықаралық көліктік операцияларға қатысушыларды біріктіретін мүдделі одақтар мен қауымдастықтарды;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға қосылуына байланысты халықаралық және ұлттық талаптарды (рұқсат беру, кепілдік, оқыту жүйелерінің жұмыс істеуі жөніндегі) іс жүзінде орындаудың қиындықтары;

шағын және орта бизнес кәсіпорындарының шекара өткелдеріндегі проблемалары және осы кедергілерді жою жөніндегі ұсыныстары туралы тыңдауға құқылы.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

10. Комиссия қызметінің тоқтатылуына:

- 1) Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;
- 2) бұрын Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың немесе өзге Комиссияның құрылуы;
- 3) Комиссия міндетінің орындалуы мүмкін болмайтын не оның орындалуы мәнсіз болатын өзге жағдайлар негіз болып табылады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.